



010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

2024 жылғы 2 қазанда жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
О.А. Бектеновке**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Олжас Абайұлы!

Қазіргі уақытта ауылдық жерлерде аграрлық бағыттағы мамандардың тапшылығы көкейтесті мәселе екендігі баршамызға мәлім. Елімізде 23 ЖОО базасында «агрономия, мал шаруашылығы, орман шаруашылығы, балық шаруашылығы, су ресурстары, агроинженерия, ветеринария және басқа да мамандықтар бойынша 7 653, оның ішінде мемлекеттік грант бойынша – 6 185, ақылы негізде 1 446 студент білім алуда. Осы аталған мамандықтар бір сөзбен «ауыл шаруашылығы және биоресурстар» бағыты деп аталады, енді осы білім алушыларды бакалавриат, магистратура және докторантураға бөлсек мынадай мәлімет шығады. Бакалавриатта 7 212 адам, оның ішінде қыз балалар – 3 677, ерлер – 3 535. Магистратурада 297 адам, оның ішінде қыз балалар – 172, ерлер – 146. Докторантурада қыз балалар – 88, ерлер – 59. Яғни, білім беру гранттарының 60 пайызға жуығы әйел азаматшалардан құралып отыр. Бұдан шығатын қорытынды – жыл сайын аталған мамандықтарға ер адамдарға қарағанда қыз балалар саны ұлғайып отыр. Ал, қыз балалардың басым бөлігі бұл мамандықты болашақ мамандығы үшін таңдап отырған жоқ, олардың көбі грант иегері атанып, ауыл-аймақтардан қалаларға кету мақсатында жасап отырғаны белгілі.

Соңғы 3 жылда «ауыл шаруашылығы және биоресурстар» мамандығы бойынша аталған ЖОО-ын 7 184 адам аяқтаған. Министрліктен алынған мәлімет бойынша олардың 78%-ы жұмыспен қамтылған деген ақпарат бар. Ал, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек ресурстарын дамыту орталығының ақпараттық жүйесінде оқу бітірушілердің өз мамандығы бойынша жұмыс жасауы туралы ақпарат жоқ екендігін ескертеміз. Ал шын мәнінде, бұл бүгінгі күнде ауылдық округтар мен шалғай ауылдарда және аудан орталықтарында нақты өз мамандығы бойынша жұмыс жасайтын қыз балалардың жоқ екендігіне қатысты мәлімет бар. Тек кейбір жекелеген аудандар мен облыс орталықтарындағы кабинеттік жұмыстардың маңында ғана офистік, сараптамалық немесе статистикалық қызметтерді атқарып отырған әйел азаматшаларды көруге болады.

Нақты мысал, Кенестер одағы кезіндегі «Ауыл шаруашылығы» «зооветеринария», «гидромелоративтік-құрылыс» институттарында аталған мамандықтардың 80%-ы ер балалардан құралған. Сол кезеңде «Ауыл шаруашылығы» мамандары тапшы болған емес. Ал бүгінде біз мамандар жоқ дейміз? Мамандар бар! Бірақ олардың 60%-ға жуығы қыз балалар. Оқу қабырғасында қыз балалардың бірқатары отбасын құрса, енді бірі мамандықты дұрыс тандамауы салдарынан оқуын тастап кетеді, енді бір тобы курсты толық аяқтағанымен өз мамандағы бойынша мал фермалары мен егін далаларында жұмыс жасауға құлық танытпайды. Соның салдарынан біз мақсатты білім гранттарымен дайындалған мамандардың 50%-ын жоғалтып отырмыз.

Яғни, білім беру мемлекеттік тапсырысын ресми орындау кезінде аграрлық секторда жоғары білімі бар мамандардың жетіспеушілігі орын алып отыр. Бұл мәселенің туындауына басты себеп – Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігінің арасындағы көзқарастың бір болмауы.

Осыған байланысты төмендегіні ұсынамыз:

1. Ауыл шаруашылығы мамандарын даярлайтын үш ЖОО-ын «С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті», «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті», «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің басқаруына беру қажет.

2. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі «ауыл шаруашылығы және биоресурстар» бағытындағы мамандықтарда, негізінен, ер азаматтардың жұмыс жасайтынын ескерсек, болашақта осы мамандықтардың басым бөлігінде ер балаларды оқытуға көңіл бөліп, кәсіби бағдар жұмысын күшейтіп, оның әдістемесін жасауы керек.

3. Ауыл шаруашылығы және биоресурстар мамандықтарына білім беру гранттарын орналастыруды тек орталықтан ғана емес жергілікті әкімдіктер арқылы жүзеге асыру қажет, яғни облыс әкімдеріне өз аймақтарында ауыл шаруашылығы бағытындағы қажетті мамандықтарға білім гранттарын тағайындау құқығын беру орынды болады.

4. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі елімізде білім гранттарымен ЖОО-ын тамамдаған мамандардың өз мамандықтары бойынша жұмыс жасап жатқандығын айғақтайтын электрондық база жасау керек деп есептейміз.

Сауалға заңнамада белгіленген мерзімде жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

**«Ауыл» ХДПП партиясы
фракциясының депутаттары**

**Е. Саурықов
С. Егізбаев
Қ. Әбден
Н. Арсютин
А. Баққожаев
Ж. Дайрабаев
А. Зейнуллин
Т. Серіков**

*А. Байжанова
тел. 74-63-92*